

ӘОЖ 81'1

## ҚАЗАҚ ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢЫНЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Сейткужина Айдана Канатовна

[Aidana140994@mail.ru](mailto:Aidana140994@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті

«БМО11700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Мәтінді зерттеуші ғалымдардың бірі З.Д.Попова: «Мәтінді зерттеудің үш аспектісі қалыптасты, олар мәтіннің синтаксисі, мәтіннің семантикасы және мәтіннің прагматикасы»-деген пікір білдіреді. Осының ішінде бізге қатыстысы «Мәтіннің прагматикасы-айтушының мақсатына сай тыңдаушыға әсер етудің тиімділігін арттыру үшін, басқаша айтқанда, мәтін ойға алғанды жеткізу үшін айтушы басшылыққа алатын коммуникативтік шарттарды зерттейді»-деген ойы. Әзіл қалжың мәтініне қатысты прагматикалық функцияны зерттеудің барысында диалогқа түсушілердің арасындағы байланысқа назар аударылады. Негізгі мақсат «мәтіннің бірінші бөлігінде берілген шындықты екінші бөлімі арқылы көлеңкелеу немесе тыңдаушының назарын ұтымды айтылған сөз астарына аудару»-дейді ғалымдарымыз.

Тілдік белгілер адамдарға жағымды немесе жағымсыз, бейтарап әсер қалдыру арқылы әр түрлі әсер қалдыруы мүмкін. Адамадар арасында айтылған кез-келген әзіл-қалжың прагматикалық тұрғыдан белгілі бір дәрежеде эмоция береді. Айтушы тараптан да тыңдарманға да әсер етеді. Әзіл-қалжыңның айтылу мақсатында берілетін жауаптың да маңыздылығы ерекше. Тілші ғалымдар, прагматикалық қатынастардың типтерін үшке бөліп қарастырады. Біріншіден, бұл -айтылымның мазмұны (қайғылы немесе қуанышты оқиғаға байланысты адамдардың оны қабылдау реакциялары әртүрлі болатыны сөзсіз). Екіншіден, хабарды қабылдау айтылымды құрайтын белгілердің өзгешелігіне байланысты. Бірдей хабар әр түрлі жеткізілуі мүмкін. Айтылымның прагматикалық әсерін мазмұн, белгілі бір тілдік құралдармен рәсімдеу қабылдаушының типі сияқты факторлар анықтайды. Үшіншіден, айтылымға прагматикалық әсер ету адрессаттың қабылдауына байланысты. Мәтін мазмұны

мен формасын талдау әлеуетті анықтауға мүмкіндік туғызады. Бірақ мәтінді, айтылған сөзді қабылдаушыға әсер етуіне байланысты болары сөзсіз оны алдын ала болжау мүмкін емес.

Сөйлесім әрекетінің басты шарты-іс әрекетке қатысты адамдардың бір-бірінің айтқанын жете түсінуі, егер түсінбесе сөйлесім әрекеті де болмайды.

*Қырғыз ақыны Әшірәлі Аиталиев Есенқұлға «қайдан шыққан сарысың» деп қағытқанда ол:*

*Мен кіммін? Мен әшейін жаман сары,*

*Қолында домбырамен қаламсабы.*

*Шешеміз өйтіп-бүйтіп туа сапты,*

*Қазақта көбейсін деп адам саны -деп жауап береді. [1.4]*

Бұл жерде қолданылып отырған эзіл-қалжың, біріншіден, тең дәрежедегі адамдар арасындағы сөз алмасу және эзіл қалжыңның басты ерекшелігі, сөзден ұту, сөз арқылы тұқырту мағынасында қолданылған, бірақ жауап берушінің ұтымды жауабы көріп отырмыз. Жеңіл, мағыналы, ойлы емес сұраққа дәл солай, жеңіл, үстіртін, атүсті жауап. "Қайдан шыққан", "сары" деген сөздердің ауызекі, дәрекілеу стильде, соған сай "өйтіп -бүйтіп", "туа сапты" деген сөздер сұраушының сұрағына менсінбеу, аса мән бермеу сынай танытқан, бұл да қарапайым қолданыстағы ауызекі стиль. Айтыстың ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз қолданыстары. Тілші ғалымдардың мына пікіріне сүйене отырып, «қазақ тіліндегі тілдесім бірліктерінің мәнмәтіндік мазмұны негізіндегі коммуникативтік сипатының прагматикалық қолданыстарның түрлері іс-әрекеттің, сезімдік қасиеттердің сапасына байланысты болады»-деген тұжырымын назарға алсақ, жоғарыда айтып өткен, эзіл-қалжыңнан менсінбеушілік эмоциясының басым екенін байқаймыз. Эзіл-қалжыңның басты ерекшелігі қолданылған сөйлемдердің сұрақ-жауап түрінде берілуі. Мұны бір сөзбен «диалог»- деп те атаймыз. Эзіл-қалжыңның тағы бір сөз қолданыстағы қыры қалжың белгілі бір адреске бағытталады, кез-келген тыңдаушы эзілдің артын, сонын күтеді. Сондықтан қолданылған сөйлемдердің көпшілігі сұраулы сөйлем болып келеді. Сұрақта тапқырлыққа құрылса, берілетін жауап ұтқырлықты қажет етіп тұрады. Сөйлемнің құрылымы *Есенқұлға «қайдан шыққан сарысың?»* сұраулы сөйлем, аяқталмаған ойды білдіріп тұрған сипаттағы коммуникативтік эзіл сөйлем ретінде де, басқа сөздермен тіркесіп қолданылуына болады.

Кез-келген мәтіннің прагматикалық бөліктерден құралып, тілдің көп қырлы бірлігін құрайтындығын ескерсек, аяқталған эзіл-қалжыңның мәтінін прагматикалық жағынан байланыстырушы бола отырып, қалжыңның айтылуы барысындағы адамның ойы мен көңіл-күйінің аяқталғанын көрсетеді. Жоғарыда айтылған эзілге жауапты бірінші тармақтан көре аламыз *«Мен кіммін? Мен әшейін жаман сары»*, қалған тармақтарда айтылатын *Қолында домбырамен қаламсабы.*

*Шешеміз өйтіп-бүйтіп туа сапты,*

*Қазақта көбейсін деп адам саны -деген жауаптан адамның көңіл күйінің аяқталғанын аңғаруға болады.*

Эзіл-қалжыңның айтылу орны да болатынын ескеру керек, оған дәлел ретінде халық арасынан шыққан ақындар немесе сөзге ұста адамдар көпшіліктің көзінше ұтымды эзіл айту арқылы қарсыласын тұқыртып алуды көздейді. Бұл жерде қандай мақсат басым болсада, тыңдаушының көпшілігі риасыз көңілмен бұл айтылған ойды «қалжың»-деп қабылдайды. Оған дәлімі төмендегі мысалдан көре аламыз. Сүйінбай ақынның мерейтойында өткен айтыста Есенқұлға Шөже ақын атындағы жүлде таспысырылады. Шөженің көзіне кезінде 17 ақын тиіскені айтыс тарихынан белгілі. Ал, қолына домбыра алып, айтысқа араласқалы бері еститін «көккөз» болған ақынға мына жүлде әсер етпей қалған жоқ. Онысын жүлдені алып тұрғанда жасыра алмаған Есенқұл:

*Өтеуін алып біттім көз ақымның,*

*Жүлдесін маған берді Шөже ақынның.*

*Қос көзім шырақтай боп келіп едім,*

*Ауылға соқыр болып баратырмын –деп, сахнадан түсіп бара жатса алдынан Шорабек шығып:*

Сөзіңе осы айтқаным жауап болар,  
Жан едің маған әркез кәуәп болар.  
Ақыры соқыр ақын атаныпсың,

Көзінді шұқып алсам сауап болар –деп, саусағын шошайтыпты. [1.4] қалжың үлкен жиында *Сүйінбай ақынның мерейтойында өткен айтыста* айтылуы дәлел. Мұндай көпшілік орында әзіл-қалжың айтудың өзі үлкен сынақ себебі, тындар, куәгер халық көп болатыны даусыз. Осындай жерде айтылған әзілдің әлеуметтік сияптыда басым болады.

Біз қарастырып отырған әзілдер халық ауыз әдебиетіндегі айтыс жанрына тән. Онсызда айтыс өнері үнемі әлеуметтік мәселерді қозғайтыны анық. Бір ғана айтыстың бірнеше түрі бар. Бұл айтыстан жас шамалары құрдас, бір-бірінің сөзін көтеретін замандастардың сөз қақтығысы екенін ұғамыз. Дегенмен осындай айтыс арқылы қалжыңдардың арасында ешқандай әлеуметтік, маңызды мәселелер көтерілмей, тек екі адамның жеке бас мәселесінен аспаған диалогқа құрылған әзілді көруге болады оған мысал:

Шорабектің ауылына Есенқұл келіпті. Кешке екеуі көшеге шығып серуендейді. Бір кезде Есенқұл аспанға қарап тұрып, Айды нұсқап:

*Мынау біздің ауылдың Айына ұқсайды екен -депті.*

*Өткенде, ауылыңа барғанда, ұрлап алып келгенмін, –депті Шөкең де қарап қалмай.*

*Сонда Есенқұл:*

*Бәсе, қолыңның кірі қалған сияқты –деп мақұлдай салыпты. [1.6]*

Әзілі жарасқан замандас айтыскерлердің қарапайым әңгімесі. Біздің ауылдың айы» деген сөзінен-ақ тартыс сөзге шақырғаны, «ұрлап алып келгенмін», деп қолжетімді затқа айналдырғанына, бірақ өзі аңғармай «ұрлық» сөзін қолданғанын қарсыласы іліп алып «қолыңның кірі қалған сияқты» деп ұрлықтың жаман қасиет екенін «ақыл айта» түсіндіріп, бір жағы «бетіне басқандай» сөзден ұстап тұр. Келесі әзілде, жоғардағы біз көрсеткен мәселерді анық көруге болады. Атырау қаласында Махамбеттің мерейтойындағы айтыста Есенқұлға Сара атындағы жүлде тапсырылыпты.

Әйел атындағы жүлденің еркекке берілгенін ерсі көрген Есенқұл сонда:

Алды боп жүруші едім бар ақынның,  
Жүлдесін алып тұрмын Сара ақынның.

Гурьевке еркек болып келіп едім,

Ауылға ұрғашы боп баратырмын –деген екен. [1.8]

Күлкіге, жеңіл – желпі көтеріңкі көңілмен айтқан (*ұрғашы боп баратырмын*), бірақ күлкі етіп айтса да астарында мысқыл мен өзінің Ер атына әйел атындағы жүлдені өз басына тең көрмей тұрған («Алды боп жүруші едім бар ақынның», «еркек болып келіп едім» ) «асқақ» сөз. Бұл сөзден халқымыздың когнитивтік (танымдық) түсінікті анық көрсетіп тұрған «еркек-ұрғашы» сөздері мәтіннің мәнін ашып тұр.

Халық жазушысы Ә.Кекілбаевпен болған сұхбатта әр халықтың рухани мәдениеті аясында «күлкі мәдениеті» қалыптасқандығын айтады. Күлкі мәдениеті негізінде қазақ әзіл – қалжыңдарының табиғаты көрініс табады.

Қорыта келе, біз қарастырып отырған мәселе жоғарыда аталған «Қазақ әзіл – қалжыңдарының табиғаты» болмақ. Әзіл-қалжыңдардың мәтіндерін тану, талдау барысында, айтылу мақсаты, әлеуметтік сипаты оның ішінде жас шамасы, айтушының тыңдаушыға айтқандағы негізгі ойы, мақсаты, қазақ тілінің ауыз екі стилі біздің талдауларымызда кеңінен қарастырылды. Біз талдап отырған қазақ әзіл-өалжыңының бір ғана қыры. Ал прагматика кең көлемді, сан қырлы мәтіннің тілдік бөлшектерге дейінгі ережелерін қарастырып, талдайтын сала екенін ескерсек, бұл зерттеу жұмысымызды әлі де қарастырып, толықтырып, ізденуге болатындығын атап өткіміз келеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мақұлбекұлы С. «Отыз тістен шыққан сөз» Тараз, 1997 – 67бет
2. Майлин Б. 8-том: Фельетондар. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 344бет.

3. Мусаев А. Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы.(1960-1990).  
Филол.ғыл.докт.дәрежесін алу үшін жазылған дисс-ң авторефераты. Алматы, 1999.